КТ - 11 - 01

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі

① «Сібір қырғыздарының жарғысы» оның жүзеге асырылуы.

Сібір қырғыздары туралы жарғы 1822-1824 жыл аралығында I Александрдың тұсында
қабылданды. Бұл жарғы негізінен қазақ хандығын жалпы қазақ халқының билігін
жоюға бағытталған реформалардың бірі болды. Бұл жоба орта жүзде қарастырылды.
Бұл жарғы бойынша қазақ халқы әкімшілік бөлініс жүйесіне бағытталды.
Болыс, әкімшілік ауыл, округ секілді ұғымдар енгізілді. Мысалға:
Әкімшілік ауыл - 50-70 түтіннен
Болыс 10-12 ауылдан
Округ 15-20 болыстықтан тұрды. Бұларды әртүрлі сұлтандар, старшындар басқарды.
Сонымен қатар халықты нанмен қамтамасыз ету, кедендік және баж алым-салықтары
қаралды. Сот жүйесін дамыту қолға алынды.
Халықты шоқындыруға үйрету, шіркеулерді ашуға кеңес беру, оқу, жазу бұның бәрі
қазақ халқының өз ата-бабасынан қалған мәдениетін ұмыттыру мақсатында
орындалды. Негізінде жарғының алғышарттары саяси билікте көрінді. Ханның
билігін шектеу, әртүрлі ауыл старшындары, округ басшылары мен сұлтандардың би-
лігінің әлсіздігі үлкен өзгерістерге әкелді. Қазақ халқының білім саласында жаңаша
идеялар пайда болып, дамыды. Бұның бәрі Қазақстан тарихының дамуына әкелді.
Жарғы негізінен көшпелі өмірдің орнына отырықшылықты, егіншілік пен бақташы-
лықты өсіруге баулыды. Бұның барлығы патша өкіметінің отарлауының әлеуметтік
саяси, шаруашылық тұрғысынан дамуына әкелді. Хандық билік яғни Шыңғысхан
ұрпақтарының билігін жою басты мақсаттардың бірі болып табылды.
М. Сперанский жасаған бұл жүйе 1817ж Бөкейхан, 1819ж Уәли хан қайтыс болғаннан
кейін жүзеге асты.
«Жарғы» - жаңа жерлерді өзіне қаратып, отарлау деген мақсатпен қарастырылды.

2) «Орынбор қырғыздарының жарғысы», оның жүзеге асырылуы.

Сібір қырғыздары туралы жарғының әлсіздігі мен кемшіліктердің көп болуы 1824 жылы
Эссеннің бастамасымен даярланған «Орынбор қырғыздарының жарғысын» қабылдауға
мәжбүр етті. Бұл жүйе Кіші жүзде қолданылды.

Кіші жүз 3-ке бөлінді

- батыс бөлік (байұлы рулары)
- орта бөлік (жетіру және әлімұлы)
- шығыс бөлік (әлімұлы бұтағы)

Әр бөлікте өз сұлтандары басқарды. Басқарушы аппарат, төреаға, кеңсесі, заседатель
атты жаңа қызметтер пайда бола бастады.
Бұл жарғы да хандық билікті жоюға бағытталды, кәрі-құн шеңберін тарылтты.
Кіші жүзде басқарушы сұлтан билігі алғашында тек шекаралық аудандарға ғана т
ралды. Ал одан соң шалғай жатқан елге біртіндеп орыс билігінің ықпалымен бірге жет
Дегенмен де қазақ халқы бұл билік түріне, жарғыға қарсылық танытты.

3) Хандық биліктің жойылуының салдары.

Жалпылай алғанда хандық билік XIX ғасырдың жартысының жылдарында жойылды.
«Сібір», «Орынбор» қырғыздарының жарғылары, 1822-1824 қабылданған реформалары негізінд
Орта жүзбен Кіші жүздегі хан билігі жойылды.
Себебі

1) Қазақ хандарының өз беделдерінен айырылуы. Халық хандарды жай кеңес үкіметі
тағайындаған шенеунік ретінде көрді.

2) Әкімшілік бөліністің қолайлы болуы. Патша үкіметі әкімшілік жүйенің қолайлы
лығын көріп, хандық билікті жоюды көздеді.

3) Хандардың наразылықтары мен патша үкіметіне қарсы шығуы отарлауға айтар
лықтай кедергі келтірді.

Ата-бабамыздың бойымен келе жатқан билікті жоюды көздеуі - Кеңес үкіметінің қатаң
ғының тағы да бір дәлелі болып табылды.

Хандық биліктің жойылуы нәтижесінде округтік жүйе пайда болды. Жаңа округтер
құрылды.